

## ЛИТЕРАТУРА

1. Bausch K. Fachsprachen Berlin/Köln. 1976
2. Кифер П. Языки (тоже) важны. Перспективы и тенденции в образовании взрослых. Сборник статей. Санкт-Петербург. 2000. С.225-233.
3. Gemeinsamer euroäischer Referenzrahmen für Sprachen. Berlin-München. Langenscheidt. 2001.
4. Maletzke G. Interkulturelle Kommunikation. Westdeutscher Verlag. 1996.
5. Ammon U. Die deutsche Sprache: Lingua franca im Schatten von Englisch? Deutschland. Zeitschrift für Politik, Kultur, Wirtschaft und Wissenschaft. № 12/94.

**Исмайлова Ж.Б.**

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушысы

**П. Д. КИСЕЛЕВТИҢ ШАРУАЛАР МӘСЕЛЕСІ  
ЖАЙЛЫ ЖҮРГІЗГЕН ІС-ШАРАЛАРЫ**

XIX ғасыр Ресей тарихында үлкен орын алады. Бұл ғасырдың басталуымен ел дамудың жаңа кезеңіне көшті. XVIII ғасырдың орта кезінде-ақ басталған басыбайлы шаруашылықтың ыдырау процесі әрбір он жыл сайын асқына түсті.

XIX ғасырдың 30-50 жылдары басыбайлық жүйенің дағдарысы пісіп жетіле бастады, оның қойнауында капиталистік қатынастар қалыптасып жатты. Басыбайлы құқықты жою Ресей үшін тарихи міндетке айналды.

Үкімет шаруаларды біртіндеп босату және оларға азаматтық құқықты қайтаруды жалпыға бірдей міндет ретінде қарап, шешуге тырысты. Шаруаларды басыбайлылықтан еркін шаруаға өту процесінің үш кезеңі болды.

Бірінші кезеңінде- барщинаны аптасына үш күнге қысқарту, ал екінші кезеңінде-шаруалар міндеткерлігін заңды түрде реттеу жүргізу. Үшінші кезеңінде – басыбайлыларға жеке еркіндік беру.

Басыбайлыларды босату мерзімі белгіленген жоқ. Бұл іс-шараны жүргізу мемлекеттік ауылды реформалау, ал кейін сол тәжірибені жеке иеліктерге тарату жоспарланды. Осындай жағдаймен қазына шаруаларының жағдайының өзгеруі дворяндарға қарсы күшті қару болды.

Жобаның өзі жүзеге аспаса да, оны талқылау Павел Дмитриевич Киселевтің шаруалар мәселесі жайлы жұмыс бағытының бастауы болды.

1825 жылы бесінші жеке император концеляриясы құрылды. Онда Мемлекеттік ауылдар реформасының нұсқасы дайындалды. Осы император концеляриясының басына генерал, әкімшілік қызметкер П.Д.Киселев сайланды.

1829-1834 жылдары Павел Дмитриевич Киселев Дунай княжествосында азаматтық және әскери басқарманы басқарды. Оның жетекшілігімен жүргізілген реформаға патша жоғары баға берді [1].

1836 жылы бес губернияда Мемлекеттік ауылдар жағдайы бойынша ревизия жүргізілді. Осы ревизия негізінде Киселев І Николайға реформаның негізгі бағыты жайында баяндама дайындады.

Киселевтің Мемлекеттік деревня жайлы реформасы бойынша қауым ішіндегі шектеулі кезеңге дейінгі қауымдық жерді пайдалану сақталды. Оброк көлемі шаруалардың кірісі бойынша анықталды. Оброкты кіріспен теңету үшін арнайы жер кадастр жүргізілді. Екі жүз мың жерсіз шаруалар 0,5 миллион жерге ие болса, ал жүз алпыс тоғыз мың шаруалар басқа губернияларға көшірілді. Олар 2,5

миллион ондық жермен қамтамасыз етілді.

Ірі аймақтарда ұсақ несие кассалары құрылды. Бұл кассалар бойынша жағдайы төмен шаруаларға жеңілдік жағдаймен несие берілді. Егін шықпай қалудың алдын-алу үшін қосалқы астық қоры болды. Ауылдарда мектептер, медицина және ветеринарлық пункттер құрылды [2].

Батыс губерниялардағы Мемлекеттік деревняларда барщина тоқтатылды.

1837-1841 жылдар аралығындағы реформа Мемлекеттік деревняда екі жақты болды. Бір жағынан жер мәселесін, өндіріс күштерінің дамуын жеңілдетті, ал екінші жағынан басқарудың бюрократиялық аппаратты кеңейтіп, ұсақ чиновниктер топтарын құрды.

1840 жылдың он екінші ақпанында П.Д.Киселев І Николайға «О мерах правительства в отношении к крепостному состоянию» хатын жіберді. Бұл хатта комитеттің тапсырмасын шешу үшін құрылған жоспар болды. Оның негізі шаруаларды басыбайлықтан босату еді.

Қаншама іс-шаралар жүргізілсе де, үкімет оны әр түрлі себептермен шеше алмады. Бұл басқармада:

- Жер иесімен шаруалар арасындағы қатынасты анықтау және помещикті көлемді кіріс алу құқығымен қамтамасыз ету;
- Сот құру;
- Рекруттық міндеткерліктің орындалуының тәртібін анықтау.
- Помещиктердің шаруаларды жеке малайы секілді ұстауын өзгертіп, сарай маңындағы адамдарға айналдыру көзделді.

Киселев бағдарламасы шаруалардың помещиктермен қарым-қатынасы жағынан көптеген сұрақтар туғызды.

1840 жылы он сегізінші наурызда Киселевтің «О средствах к усилению действия закона о свободных хлебопашцах» жобасы дайын болды.

Мәтінді Құпия комитетке жібермес бұрын, Киселев баяндама түрінде патшаға түсіндірді. Онда ең алдымен

- Ауладағылардың жағдайын құру.
- Басыбайлы шаруалардың рекруттық міндеткерлігін басқа қоғамдық топтардың рекруттық міндеткерлігімен теңестіру.
- Үш күндік барщина жайлы бұйрықты дамыту және жер көлемін мүлікпен анықтау; шаруаларға қозғалмалы мүлік иеленуге және жалпы сотта соттасуға құқық беру.
- Помещиктердің шаруаларды жазалау құқығын шектеу.
- Шаруаларға еркін егіншілермен қатар сот орындарына баруға құқық беру қарастырылды.

Киселевтің патшаға ұсынған жобасында шаруалар мәселесін шешуге бағытталған жоғарғы биліктің іс-әрекетінің бағытына, помещиктердің басыбайлық позицияны дұрыс түсінуінің және басыбайлы құқықты бірітіндеп жоюға олардың белсенді қатысатынына сену мүмкін еместігі негіз болды. Бұл жоспар комитетке ұсынылмай, тек автор мен патшаға ғана мәлім болды. Жобаның ортасында еркін егіншілердің міндеткерлік көлемі мен түрі және үлестері жайлы бап орын алған. Оларды жұмыс күнімен немесе ақшалай сыйлықпен анықтау, шаруалардың міндетті түрде өңдейтін жердің көлемі ұсынылды [3].

Киселев бағдарламасы негізінен шаруалар мәселесі жайлы. 1839–1842 жылдар аралығындағы Киселевтің Құпия комитетке дайындаған ұсынысы помещиктік шаруалар жағдайын мемлекеттік шаруалар жағдайына жақындатуға мақсатталды. Киселев жобасы Н.М.Дружинин қосбірлік реформасы жайлы ойын нақтылады.

Он сегізінші наурызда Киселев жобасы патшаға жіберілді. І Николай жобаны сол күні авторға қайтарып беріп: «Читал с особенным вниманием и полным удовольствием. Начала на ка-

ких основан проект, мне кажется, весьма справедливы и основательны. Я не нашёл сделать ни одного замечания и разрешаю внести в Комитет», – деп жазды.

Ұзақ уақытты қажет ететін шаруалар мәселесін шешу бағдарламасын терең ойлап жасауда Киселев бұл бағдарламаның шаруалар, помещиктер жағынан қарсылық туғызатынын түсінді. Сондықтан Құпия комитетке арналған құжатында ол өз бағдарламасын толық ашқан жоқ. Помещиктерді жаңа заңмен ашылған жолмен жүруге мәжбүрлеу және жоғарғы биліктің іске кірісу механизмі жайлы өз ойын Киселев тек патшаға ғана жеткізді [2].

Дворяндар және ел тұтасымен толық басыбайлы құқық мәселесін шешуге кіріскенін білмеуге тиіс болды. Тіпті бұл Құпия комитетте патшаның және оның ең жақын кеңесшілерінің шын жоспарын білмеуге тиіс еді. Әр деңгейде өзінің бағдарламасының белгілі бөлімін ғана ашып, толығымен патшаға ғана айту Киселевтің негізгі әдіс-тәсілі болды. Жабаны іске асыруға патша келісімін берді. Ал комитетке тек жоба ұсынылып, оны іске асыру механизмі құпия қалды.

Жиырма төртінші наурызда жазба Құпия комитет төрағасы И.В.Васильчиковқа жіберілді. Комитет мүшелері жобамен танысып жатқанда, оның құрамында өзгерістер болды. 1840 жылдың жиырма үшінші қазанында жаңа юстиция министрі В.Н.Панин, Мемлекеттік кеңес мүшесі болып В.В.Левшин және А.С.Меншиков тағайындалды. Оларда жобамен танысуға кірісті.

Бұл уақытта Киселев өз бағдарламасымен жұмыс істеуді жалғастырды. 1840 жылы жиырма үшінші қазанда ол И.В.Васильчиковқа «О вольных хлебопашцах и о составлении положения о майоратах» жаңа жобасын ұсынды. Бұл жазба 1840 жылы он бесінші карашада комитетке ұсынылды [4].

1841 жылы қаңтарда Құпия комитет мүшелерінің көп бөлігі Киселев жобасына ескертулер айтты. Олар Блудов, Панин, Меншиков, Строганов және Тучков.

Он жетінші қаңтарда Панин бірінші болып жобаға жалпы өз ойын айтты. Ол:

- Шаруалар үлесінің болашақтағы жағдайын анықтау тіпті керек еместігін айтты
- Шаруалардың помещикке міндеткерлігін жер көлемімен емес, жұмыс күнімен анықтау керек деп ұсынды.

Сонымен қатар ол өз ұсынысында Ресейдің барлық бөлігінде бірдей көлемде жүргізу мүмкін еместігін айтты. Киселев ұсынған шаруалар үлесі жайлы ережесі тек Солтүстік және Орталық губернияларға ғана келеді деп есептеді.

Ал Д.Н.Блудов помещиктер өз шаруаларын босатуы мүмкін емес. Қоғамдық тыныштыққа қауіп төндірмей құлдықты бірітіндеп жою керек деп есептеді. «Шаруаларды босату ұлы және қасиетті мақсат», – деп айтуынан қалай болса да Киселевті қолдайтынын көруге болады. Блудов міндеткерлікті шаруа мен помещик келісім шарт арқылы өз ара шешу керек деп есептеді. Шаруалардың жеке бостандығын сатып алудағы Киселевтің ұсынған сатып алу көлемімен келіспей, оны помещикпен шаруа өзара келісіп бекіту керек деді.

П.А. Тучков ең алдымен иеліктердің көп жерлік, аз жерлік және өндірістік деп бөлінуіне қарсылығын білдірді. Бірақ та ол Киселевтің міндетті жұмыс күндерін анықтау ұсынысын қолдады.

Киселев өз бағдарламасын қайта қарауға бірден кірісті. Жабаның жаңа нұсқасында үлес көлемін, шаруалар міндеткерлік көлемін помещик пен шаруалардың өз еріктерімен, өзара келісім арқылы белгілейтінін және міндеткерлік жұмыс күні санымен анықталу керектігі көрсетілген. Осы жоба

міндетті шаруаларға белгілі жағдаймен помещигіне кетуге құқық берді.

Киселев бағдарламасының озық мағынасы және оны жүзеге асыру жолы басыбайлы құқықты жоятын ұзақ уақытты талап етуден тұрды. Шаруалар мәселесін шешуде помещиктердің қарсылығын тудырмайтын нұсқа табу қажет болды.

Киселев өз бағдарламасында мемлекетке тиімді болу үшін шаруаларды біртіндеп босату, ал помещиктер оларға жер өз жерінің бір бөлігін беруге тиіс деп қорытынды жасады. Ол: «Нельзя ручаться, чтобы масса необразованного народа, 25 миллионов душ обоого пола, плучив свободу и не обуздываемая надзором и властью, ею доселе управлявшею, не произвела беспорядки, которых нельзя и предвидеть, особенно когда с неограниченною свободою лишают ее средств к существованию, обращая таким образом целое население в бродячее состояние. Возразят, что правительство имеет силу обуздать беспорядки, но есть ли польза и необходимость составлять положение, которое должно поддерживать вооруженною силою?» – деп жазды.

Оныншы және он алтыншы мамырдағы Құпия комитет отырысында Киселевтің ұсынған жобасына Меншиков өз ескертпелерін айтты. Киселев Меншиковтың айтқан сынына жазбаша жауап берді. Сынның жартысымен келісіп, кейбіреуін комитет мүшелеріне қарауға тастады.

1842 жылдың жиырма алтыншы ақпанында Құпия комитет отырысында міндетті шаруалар туралы жобаны қарап, қайтадан бірнеше өзгертулер енгізілді. Бұл отырыс Құпия комитеттің соңғы отырысы болды.

1842 жылы он үшінші наурызда міндетті шаруалар бұйрығы Құпия комитет мүшелерімен мақұлданып, Мемлекеттік кеңеске жіберілді.

Құпия комитетте Киселев жобасы талқыланғанда комитет мүшелерінің көбісі қарсылықтарын білдіргенде І Николай әрдайым авторды қолдады. Енді міне, император қолында комитеттің барлық мүшелері қолдаған жоба болды.

1842 жылы екінші сәуірде император бұйрыққа қол қойып, жетінші сәуірде газет бетіне басылып шықты.

Киселевтің помещиктік деревня туралы реформасы екі бөлікке бөлінді, тек олардың біреуі ғана-помещиктердің өз шаруаларын босатуы жайлы ұсынысы Құпия комитетке талқылауға жіберілді. Киселев ұсынысының мағынасы мемлекет помещиктен шаруалар жер үлес көлемін және міндеткерліктің көлемі мен түрін анықтау құқығын алуынан тұрды [5].

1842 жылы екінші сәуірдегі шаруалар мәселесін шешетін бұйрық Ресейдегі помещиктік шаруалар жағдайына өзгеріс әкеледі ме? Бұл сұраққа жауап алдын-алда белгілі болған еді-ол кері жауап болды.

XIX ғасырдағы Ресей тарихындағы Құпия комитет қандай көрініс. Бұл сәтсіз аяқталған басыбайлы шаруаларды босатудағы ұмтылыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ковальченко И.Д. Милов Л.В. «Всероссийский аграрный рынок XVIII-XX в.в.» М. «Наука» 1974. 412 бет.
2. Орлов А.С. Георгиев В.А. История России с древнейших времён до наших дней. – М., ПБОЮЛ Л.В. Рошников, 2000 – 528 с.
3. Н.Н.Хмелевский «История экономических учений. Экономическая история России» М.,1995. 299 бет.
4. Сафонов ММ. «Проблема реформ в правительственной политике.
5. Зайончковский П.А. «Правительственный аппарат самодержавной России в XIX в.» М: Мысль, 1978. 268 бет.